

Ю.Н.Камалов, М.Ю.Камалов

Структурно-содержательные элементы педагогической деятельности учителей, направленные на изучение компетентности

В статье рассматриваются структурно-содержательные вопросы педагогической деятельности будущих учителей профессионального обучения. Выделены виды деятельности, являющиеся составной частью общей компетентности будущего учителя профессионального обучения. Авторами описаны основные направления педагогической деятельности учителя технологии, такие как информационная, мобилизационно-ориентационная, развивающая, коммуникативная, организаторская, конструктивная, исследовательская и техническая.

Yu.N.Kamalov, M.Yu.Kamalov

Structurally-substantial elements of pedagogical activity of teachers directed on competence studying

In article structural and substantial questions of pedagogical activity of future teachers of vocational training are considered. Kinds of activity which are one of making elements of the general competence of future teacher of vocational training are allocated. In article the main directions of pedagogical activity of the teacher of technology, such as information, mobilization and orientation, developing, communicative, organizing constructive, research and technical are described.

References

- 1 GOSO RK in 5B01200 – «Vocational training», Astana, 2010, 36 p.
- 2 Standard training programs of specialty, Shymkent, 2011, 180 p.

ӘОЖ 378:008

А.Кароғлы¹, А.Гёресчи¹, С.Ш.Мағавин², С.Ж.Бодиков²¹Гази университеті, Түркия;²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: seyfolla_aa@mail.ru)

Түркітілдес халықтары мемлекеттерінің жоғары оқу орындары өнер мамандықтары өзара байланыстарының маңызы

Түркітілдес халықтарының мәдениеті және өнер тарихы дәстүрлері арқылы студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру маңызы қарастырылған. Жоғары білім беру жүйесінде болашақ өнер мамандарының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіруге қатысты өнердегі дәстүр сабақтастығы, қазіргі заманғы түбі бір, діні, ділі бір халықтардың көркемөнер мәдениеті ғылыми-өнертанымдық тұрғысынан қарастырылған. Студенттердің түркітөктес халықтар мәдениеті және өнері негізінде өнертанымдық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған байланыстардың маңыздылығы зерттелген. Бұл бағыттағы оқытушылар мен студенттердің өнерді оқыту саласындағы қазіргі мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде толық ашылуы әдістемесі қарастырылған. Өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркітілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: мәдениет, өнер тарихы, дәстүрлер, студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері, жоғары білім беру жүйесі, болашақ өнер мамандары, дәстүр сабақтастығы, көркемөнер мәдениеті, өнертанымдық қабілеттері, оқыту әдістемесі.

Арғы тарихтың бедерінде күллі әлемге із қалдырған түркі дүниесінің бүгінгі күні де дүниежүзілік өркениетте ерекше орны бар екені белгілі. Жалауын жоғары ұстап, намысын ешкімге тапталпаған ежелгі түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары бір-бірімен рухани туыстық қарым-

катынасты жақсы жолға қойған. Түп негізі бір, тілегі ортақ, түркі жұртын тек бір-бірін қиналмай ұғысатын тіл ғана жақындастырып қоймайды, олардың етене араласуына бастау-негізі тамырлас өнердің де ықпалы аз болмайды. Түркі өнері — түркілік рухты қозғайтын айрықша құбылыс [1].

Еуразияда түркітілдес халықтар қоныстанған жер аумағы, солтүстік-шығыста сонау мұзды мұхиттан оңтүстік-батыста Босфор шығанағына дейінгі үлкен аймақты алып жатыр.

Түркі тілдес халықтар Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымнан құралғаны тарихтан белгілі. Кең байтақ өлкеде көшіп-қонған олар оңтүстік-шығысында қытайлармен, солтүстік-батысында славяндармен, ал оңтүстігінде парсылармен шектесіп, олардың отырықшы мәдениетінің арқасында арасында дәнекер бола отырып, жан-жақты өркендей бастады [2].

Түркілер әлем мәдениетін сусындатып, өз тілдерін, өз елдігін сақтады. Түркілердің ішінде өзбек, түрік, эзербайжан, түркімен, қырғыз және қазақ сияқты ірі халықтар мен бірге шор, долған, қарайым, қыпшақ сияқты ұсақ ұлыстар да болды. Орта Азия халықтарының көп ғасырлық дамыған мәдениеті XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап қайтадан өрлей бастады. Мәдениетімізді дамытудағы жаңа өрлеуге жағдайлар жасалды. Олардың тарихи тағдыры мен мәдениеті өз ұлттарына қарай әр түрлі қалыптасты.

Қазақ халқының мәдениеті — ежелгі заманнан бергі қазақ жерінде өмір сүріп, қазақ халқын құраған ұлыстар мен тайпалардың материалдық мәдениеті мен рухани мәдениетінің заңды жалғасы және жаңа заман талабына сай дамып, қалыптасып келеді.

Адамзат адамзат болып жаралғаннан бері, бірі қанап, бірі қаналғаннан бері одан кейін де ұлт, халық, ел саналғалы бері қаншама мыңдаған жылдар өтіп келеді. Ұлы мекен түркі тілдес халықтар достығы арасында міне бүгінгі таңда, яғни XXI ғасырға, аман-есен жетіп ауызбірлік, ынтымақтастыққа келіп отырмыз.

Әлемдік өркениетте айшықты қолтаңбасы бар түркі дүниесін руханият саласындағы қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі арқылы да танимыз.

Осыған орай айта кетсек, 2011 жылдың қазан айында Түркияның астанасы — Анкарада Гази университетінің 85 жылдығына және Түрік республикаларының тәуелсіздік алғандарының 20 жылдығына орай «Түрік дүниесі» атты түркітілдес халықтары мемлекеттерінің жоғары оқу орындарының өнер факультеттері басшыларының симпозиумы болып өтті. Осы басқосуға Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кәсіби-көркемөнер факультетінің өкілдері де қатысып, оқу орындары арасында аса маңызды байланыс орнатып қайтқан еді.

Алғаш өтіп отырған бұл өнер апталығы бағдарламасында түркі тілдес мемлекеттердің жоғары оқу орындары өнер факультеттерінің декандарының жиналысы мен педагог-суретшілердің Гази университетінің студенттеріне шеберлік көрсетуі және бейнелеу өнері мамандықтары оқытушыларының шығармашылық көрмесінің ашылуы жоспарланып жүзеге асты.

Негізінен бейнелеу өнері мамандықтары өкілдері әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, өнерді оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларының сәйкес келуі және түркітілдес халықтары мемлекеттерінің өнер тарихын оқытуда оқу жоспарын жақындастыру, бірыңғай ету жайлы ой бөлісті.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кәсіби-көркемөнер факультетінің өкілдері Қазақстандағы, оның ішінде Қарағандыдағы өнерді оқыту тәжірибесі мен әдістемесі және оқу жоспарымен әріптестерін таныстыра отырып, тәжірибе алмасудағы ұсыныстар білдірді. Нақтырақ айтсақ, қазіргі өз оқу орнының ағымдағы халықаралық байланыстарын алға тартып, студенттердің мобильдік топтары бағдарламасы арқылы өзара студенттер және магистрлер алмасуға ұсыныс білдірілді.

Гази университеті бейнелеу өнер мамандығында оқытын студенттер алдында дәріс оқылып, шеберлік көрсету сабақтары өткізіліп, білім беру әдістерімен бөлісу кездесудің тиімділігін арттыра түсті. Соңынан бейнелеу өнері және дизайн пәні оқытушыларының шығармашылық жұмыстары көрмеге ұсынылып, түріктің «TRT» арнасына Қазақстандағы және Қарағандыдағы қазіргі бейнелеу өнері даму үрдістері жайлы сұхбат берілді.

Осы шеңберде Анкара симпозиумы қорытындысы бойынша жалпы, ортақ келісім жайлы құжат әзірленіп, осы басқосулар дәстүрге айналу қажеттілігі туралы ұсыныс айтылды.

Сонымен қоса кездесуге қатысушыларды «TURKSOY» халықаралық түрік мәдениеті ұйымы өз штаб-пәтерінде қабылдады. Онда мәдениет саласындағы түркі тілдес халықтарының байланысы, әсіресе бейнелеу өнерінің осы шеңберден даму үрдістері, ерекшеліктері қарастырылды.

Түрік Республикасы мен біздің ел арасындағы тек саяси және экономикалық емес, осы симпозиум бейнелеу өнері факультеттері қатысуымен мәдени және білім беру сферасы арқылы байланыс орнату мақсатын қойып отыр. Түрік халықтарының дәстүрлі және заманауи өнер түрлері негізінде өнер саласындағы білім беру үдерісіне талдау жасай отырып, біртұтас бағдарлама жасауға тырысу. Сөз жоқ, осындай шаралар өнер мен білім беру негізінде түркітестес, тілі, діні бір халықтардың интеграциялық үрдістерін жеделдетуге ықпал етеді [3].

Әлемдік дәрежеде іргелі істер атқаратын халықаралық ұйымдардың қай-қайсысы да ізгі мақсат көздейді. Бүгінде қазақ зиялыларына ғана емес, әлем жұртшылығына жақсы танымал «TURKSOY» түркі дүниесінің мәдени ынтымақтастығын нығайтуды мойнына алған. Түбі бір түркілердің тілінде орындалатын өнер түрлерін дамытып, қанатын қатайту — осы ұйымның еншісіндегі міндет. Бұдан аталған құрылым тек мәдени байланыстар орнатумен ғана айналысады деген ұғым тұмауға тиіс. Ұйымға мүше-елдердің арасында татулықтың болуына, тұрақтылықтың сақталуына ықпал етеді. Бұл ұйым түркі дүниесінің әлемдік өркениеттегі орнының берік болуын қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қояды. Ежелгі тарихқа жүгінсек, түркі тұтастығының ыдырап кетуіне ел арасындағы бірлікке сызат түскендігі себеп болғанын көреміз. Ендеше тарыдай шашырап кеткен рухани құндылықтарды жинап, барымызды түгелдеп, жоғымызды іздеу үшін түркі дүниесінің бірлігін сақтап қалу өте маңызды.

Әлемге құлашын кең жайып келе жатқан жаһандану үрдісі түркі тілдес елдердің рухани сипатына қауіп төндіретінін ескерсек, оған тек дәстүрді сақтау, ынтымақтастықты дамыту арқылы ғана қарсы тұра алатынымызды ұмытпағанымыз жөн. Бұл тұрасында да халықаралық ұйымның атқарып отырған істері сан алуан. Өзара байланыс түркі халықтарының салт-дәстүрлерін мейлінше дамытуға күш салады. Сондықтан бұл ұйым ортақ тарихтың тереңіне үніледі. Тарихтың сабақтарын кейінгі буынға көбірек ұқтыруға тырысады. Түркінің ұлы мәдениетінің болғанын, оны сыртқы күштердің қандайының да басып-жаншып тастай алмағанын, әр халықта сақталып қалған дәстүрлердің басын құрап, рухани дүниеміздің алтын сынықтарын жинап, қайта құрастырсақ, әлемдегі орнымыздың айрықша болатынын санаға сіңіреді. Сонда рухы биік ел жаһандануға қарсы тұра алады. Міне, осындай ұйым рухты көтеретін дәстүрлі өнерді дамыту үшін бар мүмкіндікті қарастырады. Ұйымның бұл бағыттағы ізденістері әзірге жеміссіз емес. Соңғы жылдарда мәдениет саласында жүргізілген зерттеулер әлеуметтік идеалдардың тоқырауынан кейін этностық деңгейдегі мәдениеттерді топтастыру үрдісі күшейе түскенін аңғартады. Халықтардың рухани бастау негіздері, ілкі мәдениеттері, басынан кешкен тағдыр-талайының ұқсастығы олардың қарым-қатынастарын берік орнықтыруына негіз бола алады. Ұйым жұмысын жүргізу барысында есте ұсталатын қағиданың бірі осы. Бұл орайда туысқан түркі тілдес халықтар мәдени байланыстар арқылы рухани қатынас дәстүрін қайта жанғыртуға талпыныс танытып отыр.

Ерте ортағасырлар, жалпы, аймақтық мәдениет тарихындағы, соның ішінде түркі халықтары мәдениеті шеңберіндегі Орталық Азия өнері тарихындағы ерекше бір дәуір болып есептеледі. Бұл өркениетті жаратқан ежелгі түркі мемлекеттері халықтарының дүниеге көзқарасы ең алдымен сәулетінде анық көрінеді. Түркі мәдениеті тұтас бір дүние ретінде, оның негізгі құндылығы көшпенділер мәдениеті мен отырықшы елдер өркениетіне негізделіп, олардың бір-біріне ықпал, әрекеті ажырамас жағдай ретінде қаралады. Ежелгі түркі елдері сәулетінің генезисін үйрену, қазіргі замандағы бүкіл түркі әлемін жақындастыру идеясы жарығында өзекті мәселе екендігі айқын. Сондықтан ежелгі дәуірде және орта ғасырлардағы Орталық Азия түркі халықтарының өнерінің тарихы қалпына келтіру және олардың көркемдік кеңістігін құрастыру принциптері мен тәсілдерін талдау ғылыми ізденістің негізгі мақсаты болды. Тарихи-мәдени тұрғыдан талдау түркі халқының этномәдениеті мен дүниетану көзқарасына бейімделген әр түрлі діни жүйелердің өзара әрекеті қосылған көп компонентті жағдай екендігі анықталды. Орта ғасырдағы сәулеттік тақырыптар және кескіндер негізінен қола және алғашқы темір дәуірінде анықталған. Сол кезде қала құрылысы мәдениетінің негізі қалыптасып, түркі мемлекеттері кезінде гүлдену дәрежесіне жеткен. Сонымен бірге қала құрылысы іс жүзінде барлық Орталық Азия көшпенділері мәдениетіне тән екендігі анық көрініп тұр. Өнер туындылары ішіндегі ең ғажайыптарының композициялық құрамын талдау, олардағы баяғы қола дәуірінде орын алған түркі-парсы симбиозының (қосындысының) қатты дамығандығын көрсетеді. Бірақ Орталық Азия мәдениетінде алғашқы орта ғасырлар кезінде өнердің доминант ролі идеясын қайта қарау қажет, себебі бұл кезде түркі өнері қалыптасты және нығайды. Бұл көзқарас түркі өнері жәдігерлерін зерттеу нәтижесінде олардың кеңістік құрылымында өзіндік ерекшеліктері түркі халықтарына ғана тән дәстүрлер және дүниетанымы негізінде қалыптасқаны

анықталды. Түріктілдік халықтардың өнерін зерттеу нәтижесінде олардың жалпы адамзат өнеріне, мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқандығы сөзсіз [4].

Біздің мақсатымыз — түркі халықтарының тарихын, дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі, біртұтас үдеріс ретінде өзара іс-әрекеттеріміз мысалында қарастыру. Студенттердің, болашақ өнер саласы мамандардың түрік әлемінің тарихына шынайы көзқарастарын қалыптастыру. Соның ішінде түрік халықтарының бір бөлігі ретінде қазақтардың, Қазақстанның мәдениеті мен өнер тарихына ерекше көңіл бөлу. Түріктілдес халықтар тарихының даму барысын игеру; көтеріліп отырған мәселе арқылы негізгі ғылыми әдебиеттерді меңгеруге көмектесу; студенттерге түріктілдес халықтардың түбі бір екендігін түсіндіру; көне және ортағасырдағы түріктердің мемлекеттілігі мәселесін және олардың өзара мәдени байланыстарын өнер құралдары арқылы ашып көрсету; түркі халықтарының жаңа және қазіргі замандағы тарихының, мәдениетінің және өнерінің өзекті мәселелерін ашып көрсету.

Мәдениет — бүкіл адамзаттың тарихында жасалған материалдық және рухани байлықтың жиынтығы. Өткен мәдениетіміздің жаңа мәдениетке ауысуы қоғам тарихының заңды, мәдениетті жаңаша түрленуі болып саналады. Өйткені мәдениет пен өнер сананың, білім мен тәрбиенің, қоғамның жаңашыл даму кезеңіндегі дәрежесін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қазақтың көне тарихы.* — Алматы: Үміт, 1993. — 156 б.
- 2 *Аманжолова К.* Түркі халықтарының тарихы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.smsreferat.kz.
- 3 *Бодиков С.Ж.* Қазақстан кәсіпқой бейнелеу өнерінің тарихы: Оқу құралы. — Қарағанды: «Орман» баспасы ЖШС, 2008. — 96 б.
- 4 *Глаудинова М.Б.* Түрік қағанаттары — құтты сәулетінің генезисі: Сәулет өнері ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 2010. — 28 б.

А.Кароғлы, А.Гёресчи, С.Ш.Магавин, С.Ж.Бодиков

Роль взаимосвязи специальностей изобразительного искусства в высших учебных заведениях тюркоязычных государств

В статье рассматриваются проблемы изучения дисциплины по истории изобразительного искусства в высших учебных заведениях и формирования творческих качеств студентов вузов тюркоязычных государств. Выявлены теоретические основы совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и систематизировано содержание обучения в процессе высшего образования. Проанализирована эффективность модели совершенствования творческой деятельности будущих специалистов и обоснованы критерии, показатели и уровни взаимосвязи вузов Турции и Казахстана. Выявлены педагогические условия повышения эффективности развития творческого потенциала будущих специалистов в системе высшего образования.

A.Karoglu, A.Heriasci, S.Sh.Magavin, S.Zh.Bodikov

Role of interrelations of experts of art in higher educational institutions of nationalities of the Turkic-speaking states

In the article observed problems of the history of art discipline in high education establishments and forming creative qualities of the students in turks countries. Identified theoretical basics of improving creative activity of future Professionals and systematized contents of education in process of high education. Analyzed effectiveness of the improving model in creative activity of future specialists and based criterial, datas and levels of interconnection of universities. Identified pedagogical circumstances of conditions enhance development creative potential of future professionals in high education.